

# **Тұлғаның психологиялық- педагогикалық диагностикасы**

---

**Тақырыбы: Психодиагностикалық  
әдістемелер мен оларды жасаушы,  
қолданушыларға қойылатын талаптар**

# Психодиагностикалық әдістемелерге қойылатын талаптар жіктемесі

---

- Ғылыми журналдарда, монографияларда, жинақтарда жарияланатын зерттеу әдістемелеріне қойылатын талаптар;
- Қандай да бір әдістемені немесе әдістемелер класын қолданудың мазмұндық-теориялық, сандық және тәсілдік аспектілерін түсіндіретін анықтамалық баспаларға қойылатын талаптар;
- Психодиагностика бойынша танымал баспаларға қойылатын талаптар;
- Әдістемені қолдануда тікелей қолданушыларға нұсқау беретін және нұсқаулардан, тапсырмалар мәтінін, кілттерін, нормаларын, интерпретация ережелерінен тұратын қолданбалық әдістемелік материалдарға қойылатын талаптар.

# Ғылыми хабарлар

---

Әдістеменің теориялық негіздерін, жасалу тәсілдерін және эмпирикалық негіздемелерін, тестік көрсеткіштер шкаласының валидтілігі, сенімділігі, репрезентативтілігі жайлы зерттеулік мәліметтерді түсіндіру қажет. Ғылыми жаңалықтарда әдістемелердің кәсіби шектеулері, тапсырмалардың толық мәтіні, кілттері, тестік нормалары, жүргізу және өңдеу бойынша толық нұсқаулар түсіндірілмеуі қажет. Осы мәліметтердің барлығы жайлы ғылыми жаңалықтың авторы жанама түрде көрсетуі керек.

# Анықтама-әдістемелік баспалар

---

Бұл баспаларда тапсырмалардың мәтінінен, кілттерінен, нормаларынан тұратын нұсқаулық материалдар келтірілуі мүмкін, бірақ бір ғана шарт бар, мұнда баспаға қажетті психологиялық дайындығы бар, оқырмандардың арасында таралуын қамтамасыз ететін мамандар үшін баспа мәртебеі беріледі. Мұндай баспаның авторлық ұжымы психологтар қауымдасытығының алдында осы баспаның тиражының таралуына жауап береді.

# Нұсқаулық құжаттар

---

Әдістеменің стандарттарымен: диагностика пәні, қолдану саласы, зерттелушілер контингенті, қолдану тәсілдерімен сәйкес адекватты қолдануды қатамасыз ететін сипаттамадан тұрады. Сипаттамасы әдістеменің жасалу тәсілі жайлы және алынған мәліметтердің сенімділігі, валидтілігі жайлы толық мәліметтермен жабдықталуы қажет. Сонымен қатар анықтамалық және нұсқаулық материалдарда әдістемені қолданушының кәсіби мәртебесіне қойылатын талаптар да құрылуы қажет.



# Танымал баспалар

---

Автор-психологтар кәсіби құпияны  
баяндауға құқықтары жоқ, яғни:  
диагностикалық тәсілдердің мағынасын  
сипаттамауы қажет.

## Өлшеу әдістері келесі талаптарды орындауы қажет

- әдістемені қолдану мақсаты, пәні, аймағы анықталуы қажет;
- ~~тапсырмалар және жауаптар талдауын көрсету үшін~~ қолданылатын зерттеуді жүргізу процедуралары арнайы психологиялық, ЭЕМ білімдері жоқ іс-қағаз жүргізуші адамға түсінуге тиімді үлгіде ұсынылуы қажет;
- өңдеу барысы есептеудің статистикалық негізделген әдістерімен тестік ұпайлардың стандартты түрде болуын қажет етеді. Диагностикалық қорытындылар осы пікірлердің статистикалық мәнділігінің ықтималдық деңгейіне сүйене жасалуы қажет;
- тестік шкалалар қолдану аймағында репрезентативтілікке, сенімділікке және валидтілікке сәйкес тексерілуі қажет;
- өзіндік есепке негізделген процедуралар ықтималдылықты реттеу құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет;
- қандай да бір қолдану аймағының басты әдістемелік ұйымдасуы тестілер бойынша алынған мәліметтерді жинақтап, барлық әдістемелер стандартына кезекті түрде түзетулер енгізіп отыруы қажет.

# Сараптау әдістері мынадай талаптарға негізделеді

---

- әдістемелердің қолдану мақсатын, пәнін және аймағын нақты қалыптастыру
- жүргізуде нұсқаудың болуы
- нәтижелерді өңдеу процедурасының болуы
- қорытынды соңғы нәтижелерді басқа сарапшының қайта тексеруіне мүмкіндік беретін аралық өңдеу кезеңдерінен тұруы
- қолданушы-әзірлеуші адамға зерттеуді қайта жаңғырту мүмкіндігінің болуы
- мәліметтер жинағын ұйымдастыруға бағыттау.





---


**Әдістемелер басты әдістемелік  
орталықтарда аттестациялаудан өтуі  
қажет.**

**Аттестациядан өтпеген әдістемелер  
практикалық психологияда қолдану  
құқығынан айырылады.**

# Психолог-қолданушыға қойылатын талаптар

---


- Психолог-қолданушы – психодиагностиканың жалпы теориялық және методологиялық принциптерін білуі, тәжірибеде қолдана алуы қажет, дифференциалды психометриканың негіздерін меңгеруі, психологиялық диагностика бойынша әдістемелік әдебиеттердің жариялануын қадағалауы, өз бетінше берілген аймақта қолдануға болатын әдістемелер картотекасы мен жеке кітапханасын ұйымдастыру, қажет.
- Тестілеу негізінде қабылданған шешімдерге жауап беруі, әдістемелердің болжамдық валидтілігі мен репрезентативтілігіне шешімнің сәйкестігін қамтамасыз етуі, кәсіби маманның жіберуі мүмкін қателіктерін алдын-ала ескертіп отыруы қажет.



---

Берілген аймақта психодиагностиканы жүргізуде басты құқыққа ие болуы, хаттамаларды кәсіби этикалық принциптермен сәйкес, психология ғылымының мүддесімен қолдана білуі қажет. Психолог әдістемелік мәліметтер алуға құқылы, сонымен қатар оларды жеке кәсіби меншік ретінде қолдана алуға құқылы, психолог стандартты және стандартты емес әдістемелерді қолдана отырып, диагностикалаудың қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.


- Әдістемелерді таңдауда жеке пікірлері мен қалауларына сүйенбеуі қажет, диагностикалаудың жоғары тиімділігінің талаптарын ескеру қажет.
- Әдістемені қолданумен қатар әдістеменің тиімділігін талдау негізінде ғылыми әдістемелік жұмыстарды жүргізу зерттеуші және практикалық мекемелерде қызмет атқаратын психологтың негізгі міндеттеріне кіреді.
- Стандартты зерттеу әдістерін жүргізу үшін барлық талаптардың мұқият орындалуын қамтамасыз ету керек, ұпайларды есептеу қатаң сәйкестікте орындалды. Психолог нақты уақытқа қабылдайтын әдістемені қолдануда стандарттан ауытқымауы қажет. Әдістемені қолданудағы жарнамалар мен ұсыныстарды әдістемелік орталыққа жіберіп, оларды және әдістемені қарастыру кезінде оларды тіркеуді талап етеді.
- Сыналушының жеке сенімділігі негізінде алынған психодиагностикалық ақпараттың құпиялылығын сақтап отыру керек. Психолог сыналушыға міндетті түрде оның нәтижелерін кім және не үшін қолданатынын алдын-ала түсіндіруі керек, сонымен қатар ол психологиялық диагностика кезінде қандай шешімдер қабылдайтынын сыналушыдан жасырмауы керек.

- 
- Кәсіби құпияны сақтау керек: психодиагностикалық тәжірибені нұсқаулық материалды жүргізуге өкілеттілігі жоқ адамдарға жариялануы қажет, сыналұшылардың алдында қандайда бір психодиагностикалық әдістеменің сырын ашып қоймауы қажет.
  - Міндетті түрде ықтималдылық болжаммен қатар, альтернативті диагностикалық болжамды қарастыру қажет.
  - Психологтар қоғамының аймақтық немесе орталық органдарына өзі байқаған жерлердегі психодиагностиканың нормативті принциптерінің бұзылу шараларын анықтаған жағдайда хабарлама беріп отыруы қажет.
  - Талдауда арнайы білімдерді талап етпейтін теориялық және психометрикалық негізделген жеке әдістерді психологиямен салалас мамандар қолданады.

## **Мұғалімдер, дәрігерлер, социологтар, инженерлер, экономистер және т.б. психолог емес-қолданушыларға қойылатын талаптар**

---

- Алдын ала берілген практика саласында қызмет атқарушы психологтармен қойылған міндеттерді шешуде қандай әдістемелер қолданылатынын кеңесіп алу қажет.
- Егер маман психологтар қандай да бір әдістемені қолдануда психологиялық білімдердің қажеттілігі немесе арнайы даярлықтың қажеттілігі жайлы айтатын болса, онда басқа әдістемені таңдауы немесе арнайы даярлықтан өтуі немесе психодиагностиканы жүргізуде маман-психологтың сұрануы не болмаса психодиагностиканы жүргізуден бас тартуы қажет.
- Әдістемелерді жүргізуге рұқсат алғаннан кейін кәсіби құпиялылықтың барлық талаптарын орындауға байланысты міндетті өз мойнына ала білуі қажет.

- 
- Зерттеу жүргізуде сыналушыларға қатысты барлық этикалық нормаларды сақтауы қажет, ол сыналушының сенімділігіне қиянат етпеуі және оған ақпараттың қолдану жағдайын ескертуі қажет.
  - Стандартты нұсқаулармен қамтамасыз етілмеген, сенімділік пен беріктілік көрсеткіші анықталмаған жоғары кәсіби-сараптық әдістердің қосымша қолданысын талап ететін әдістемелерді қолданбауы қажет.
  - Этикалық нормалар мен процедураларды жүргізуде психологтарға көмек көрсетуге қажет.

## **ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІБИ-ЭТИКАЛЫҚ СТАНДАРТ ПРИНЦИПТЕРІ**

---

жауапкершілік, жете білушілік, этикалық және заңдылық, құқыққа ие болу, психологияны біліктілікпен насихаттау, құпиялылықты сақтау, клиентке қолайлы жағдай жасау, кәсібилік, сыналусыға зерттеу мақсаты жайлы ақпарат беру, зерттеудің моральды бағыттылық тиімділігі, азаматтылық пен патриоттық.



# Психологтың психометриялық дайындығына қойылатын талаптар

---

- психодиагностика бойынша шығарылған әдістемелік әдебиеттердегі психометриялық құжаттар жағынан түсінігі болуы керек. Сондай-ақ, тестті жасаушылардың тестінің қандай психометриялық сипаттамасын көрсетулері тиістігін, бұл психометриялық сипаттамалардың тест типіне; оны қолданатын проблемаға қаншалықты сәйкестігін білуі керек.
- психологтың белгілі тестік нормаларды қолданудың сол жағдайдағы сәйкестігі сыналушы санын қамтитындығы жөнінен хабары болуы керек. Стандарттық жағдайға қарай өзгерістерді алуы қажет.
- өздігінен деректер жинастыра алуы тиіс.
- өздігінен зерттеу нәтижесіндегі кінәраттарды анықтай алуы тиіс және өз болжамын статистикалық тұрғыдан зерттей алуы қажет.

- психолог екі жақты құжат дайындауға міндетті. Барлық протоколдардың көшірмесін, деректер бланкісін толтыру сатысында басты әдістемелік (ғылыми академиялық немесе саналық) ұйымға беруге дайын болу қажет. Мекемеге енгізілетін түзетілу, өзгерістің барлығы инструкцияны тұжырымдау; жеке сұрақтарды сұрыптау; жүйеліктегі өзгеріс басты ұйыммен кеңесіп, санасып отыруы тиіс. Себебі, жұмыс орындарында өздігімен өзгеріс енгізу-алынған нәтижелердің психометриялық тазалығын бұзады, спецификалық жағдайларды ескере отырып, бейімделген модификацияны құруды баяулатады. Берілген әдістемелік стандартты өте түсінікті орындалуы мен қатаң сақтауы психологтың психометриялық мәдениетінің көрсеткіші болуына байланысты.
- психолог өз бетінше зерттеу барысындағы жалпы деректерді тауып, өлшей алуы қажет.
- психолог тестегі сандық көрсеткіштерді санай алуы керек және психометристке есептерді көрсетіп бере алуы қажет.

# Психометрист

---

- Психометриялық құрастырулардың барлық шешімдерін немесе психологиялық әдістемелерді бейімдеуді тестің беріктігі мен валидтілігін тексеруі; берік емес, әрі валидті емес пункттерді алып тастау; тестік балды бөлуді құру мен талдау, танып білу үшін шешуші ереже немесе болжау жасау мақсатында математикалық теңдеуді құру, өз бетінше жоспарлау және жүзеге асыру.
- Психодиагностикалық деректерді ЭЕМ- ге салып, шешу мен сақтауды ұйымдастыра алуы қажет.
- Психолог- психодиагностикалық құжаттарды жүргізу жұмысын ұйымдастыра білуі қажет.
- Берілген сала бойынша әдістемелер картотекасын дұрыс жүргізе алуы қажет.

# Қолданылған әдебиеттер

---

- Бодалев А.А., В.В.Столин «Общая психодиагностика», Санкт-Петербург, - 2002.
- Оспанбаева М.П., Ү.Ә. Тұрғынтаева, Д.А. Сабекова «Психологиялық қызметті ұйымдастыру», Тараз, - 2003.
- Немов Р.С. Психология: В 3 т. - М., 1995.
- Фельдштейн Д.И. Проблемы возрастной и педагогической психологии. - М., 1995.